



Ғылыми мақала / Scientific article
ХҒТАР / IRSTI 21.01



<https://doi.org/10.32523/3080-1281-2025-153-4-105-122>

THE CONCEPT OF MAHDI IN ISLAMIC THEOLOGY: HISTORICAL AND DOCTRINAL INTERPRETATIONS

Baurzhan KURBANOV^a✉, Baktybay BEISENBAYEV^b, Nurlan KAIRBEKOV^a

^a*L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan*

^b*International center for Interfaith and Interreligious dialogue, Astana, Kazakhstan*

✉ baurzhan.89.kz@mail.ru

Abstract. The article provides a comprehensive analysis of the concept of «Mahdi» within the Islamic belief system, examining its historical development, theological interpretations, and the distinctive explanations in Sunni and Shiite traditions. The aim of the study is to identify the foundations of the Mahdi concept in the Qur'an and Hadith, as well as to trace its evolution within religious, ideological, and political contexts. The research applies the PRISMA systematic review methodology, analyzing publications from Scopus and Google Scholar databases. The paper explores the etymological meaning of the term Mahdi, its earliest historical manifestations, and the interpretative differences between the Sunni and Shiite schools of thought. Although the word Mahdi does not explicitly appear in the Qur'an, its semantic field is closely related to the notions of huda and hadi, which denote "one who guides to the right path." Numerous Hadiths mention the Mahdi, and through isnad (chain of narration) analysis, both authentic (sahih) and weak (da'if) reports are identified. The findings indicate that the Shiite Ithna'ashari (Twelver) school interprets Qur'anic verses using the ta'wil (allegorical interpretation) method, while the Sunni tradition primarily explains the Mahdi concept through Hadiths and historical context. Furthermore, the study differentiates between the concepts of Mahdi and mujaddid: Mahdi is regarded as a divinely guided leader who will establish justice at the end of times, whereas the mujaddid is a reformer who revives religion in each century. The results reveal that the Mahdi concept constitutes a crucial element of Islamic eschatology, closely linked to the categories of religious consciousness, social justice, and historical memory.

Keywords: Mahdi; eschatology; aqidah; Sunni and Shiite traditions; Qur'an; Hadith; Islamic theology; ta'wil; mujaddid

For citation:

Kurbanov B., Beisenbayev B., Kairbekov N. The concept of Mahdi in islamic theology: historical and doctrinal interpretations // *Jete – Journal of Philosophy, Religious and Cultural Studies*. – 2025. – Vol. 153. – No. 4. – P. 105-122. <https://doi.org/10.32523/3080-1281-2025-153-4-105-122>.

«МӘҢДИ» КОНЦЕПЦИЯСЫНЫҢ ИСЛАМДЫҚ СЕНІМ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ОРНЫ МЕН ИНТЕРПРЕТАЦИЯСЫ

Бауржан КУРБАНОВ^а, Бактыбай БЕЙСЕНБАЕВ^б, Нурлан КАЙРБЕКОВ^а

^аЛ.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

^бКонфессияаралық және дінаралық диалогтың халықаралық орталығы, Астана, Қазақстан

КОНЦЕПЦИЯ «МАХДИ» В ИСЛАМСКОЙ СИСТЕМЕ ВЕРОУЧЕНИЯ: ИСТОРИКО-БОГОСЛОВСКИЙ АНАЛИЗ

Бауржан КУРБАНОВ^а, Бактыбай БЕЙСЕНБАЕВ^б, Нурлан КАЙРБЕКОВ^а

^аЕвразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

^бМеждународный центр межконфессионального и межрелигиозного диалога, Астана, Казахстан

Аңдатпа. Мақала исламдық сенім жүйесіндегі «Мәһди» ұғымының тарихи қалыптасуы, теологиялық интерпретациясы және оның сүнниттік пен шииттік дәстүрлердегі түсіндірмелері кешенді түрде зерттеуге бағытталған. Зерттеу мақсаты Мәһди концепциясының Құран мен хадистегі негіздерін айқындау, оның діни-идеологиялық және саяси контекстегі эволюциясын көрсету. Жұмыс барысында PRISMA әдістемесіне сүйенген жүйелі әдеби шолу тәсілі қолданылып, Scopus және Google Scholar дерекқорларындағы жарияланымдар сарапталған. Мақала Мәһди ұғымының этимологиялық мәні, алғашқы тарихи көріністері және сүнниттік пен шииттік бағыттар арасындағы интерпретациялық айырмашылықтар қарастырылады. Құранда «Мәһди» термині тікелей кездеспегенімен, оның мағыналық өрісі «һуда» және «һади» ұғымдарымен байланыстырылып, «тура жолға бастаушы» мағынасы тұрғысынан түсіндіріледі. Хадис әдебиетінде Мәһдиге қатысты риуаяттар кеңінен кездеседі, олардың ішінен сенімді (сахих) және әлсіз (даиф) нұсқалар арасындағы айырмашылықтар иснадтық (тізбектік) талдау арқылы анықталады. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, шииттік Иснәашария мектебі Құран аяттарын тауил (астарлы түсіндіру) әдісімен Мәһдиге қатысты түсіндірсе, сүнниттік дәстүрде бұл ұғым негізінен хадистер мен тарихи контекстер арқылы айқындалады. Сонымен бірге, Мәһди мен мүжәддид ұғымдарының айырмашылықтары да талданған: Мәһди ақырзаманда әділдік орнатушы рухани жетекші болса, мүжәддид әр ғасырда дінді жаңғыртушы тұлға ретінде қарастырылады. Зерттеу нәтижесінде Мәһди концепциясы исламдық эсхатологияның өзекті құрамдас бөлігі ретінде діни сана, әлеуметтік әділет және тарихи сана категорияларымен тығыз байланыста қарастырылатыны анықталды.

Түйін сөздер: Мәһди; эсхатология; ақида; сүнниттік және шииттік дәстүр; Құран; хадис; исламдық теология; тауил; мүжәддид

Аннотация. В статье проводится комплексный анализ понятия «Махди» в исламской системе вероучения, рассматриваются исторические этапы его формирования, теологические интерпретации и особенности трактовки в суннитской и шиитской традициях. Цель исследования выявить основы концепции Махди в Коране и хадисах, а также проследить её эволюцию в религиозно-идеологическом и политическом контексте. В работе использована методология систематического обзора на основе PRISMA, проведён анализ публикаций из баз данных Scopus и Google Scholar. В статье раскрываются этимологическое значение термина «Махди», его первые исторические проявления и различия интерпретаций между суннитской и шиитской направлениями. Хотя слово «Махди» прямо не упоминается в Коране, его смысловое поле соотносится с понятиями «худа» и «хади», обозначающими «ведущего по прямому пути». В хадисоведческой литературе приведено множество сообщений (риваятов) о Махди, среди которых с помощью анализа иснада выявлены достоверные (сахих) и слабые (даиф) версии. Результаты исследования показывают, что шиитская школа иснаашарий интерпретирует аяты Корана посредством метода тауил (иносказательного толкования), тогда как суннитская традиция рассматривает концепцию Махди преимущественно через призму хадисов и исторического контекста. Кроме того, проанализированы различия между понятиями «Махди» и «муджәддид»: если Махди это духовный лидер, призванный восстановить справедливость в конце времён, то муджәддид реформатор, обновляющий религию в каждом столетии. В результате установлено, что концепция Махди является важной составляющей исламской эсхатологии, тесно связанной с категориями религиозного сознания, социальной справедливости и исторической памяти.

Ключевые слова: Махди; эсхатология; ақида; суннитская и шиитская традиции; Коран; хадис; исламская теология; тауил; муджәддид

Сілтеме жасау үшін:

Курбанов Б., Бейсенбаев Б., Кайрбеков Н. «Мәһди» концепциясының исламдық сенім жүйесіндегі орны мен интерпретациясы // *Jete – Journal of Philosophy, Religious and Cultural Studies*. – 2025. – Vol. 153. – No. 4. – 105-122 бб. <https://doi.org/10.32523/3080-1281-2025-153-4-105-122>.

Кіріспе

Қоғамда әлеуметтік тәртіп әлсіреп, адамдар материалдық және рухани дағдарысқа ұшыраған кезеңдерде әр дәуір мен аймақта адамнан тыс сипаттағы құтқарушы тұлғалардың (мессиялардың) пайда болуы немесе олардың жасанды түрде қалыптастырылуы жиі байқалады. Мұндай құбылыстардың туындауына түрлі әлеуметтік-мәдени факторлармен қатар, әсіресе Әмәуилер дәуірінен бастау алған саяси үдерістердің айрықша ықпалы болды. Соның нәтижесінде ислам дүниетанымында ерекше орын алған әрі бүгінгі күнге дейін өзектілігін сақтап келе жатқан «Мәһди» ұғымы қалыптасты.

Ислам дереккөздерінде Пайғамбар Мұхаммедтен (с.ғ.с.) жеткен риуаяттарда ақырзаман кезінде әділетсіздік пен зұлымдықтың өршіп, сол уақытта оның Әһли Бәйтінен шыққан Мәһди есімді тұлғаның әділеттілікті орнатып, мұсылмандарды тура жолға бастайтыны баяндалады (Хенд, 2017: 3). Мәһди мәселесі исламдық сенім жүйесінде түрлі көзқарастардың қалыптасуына себеп болды. Бұл ұғымды мойындаушылар мен оны жоққа шығарушылар арасында пікірталастар туындап, мәселе ақида мен кәләм ғылымдарындағы даулы тақырыптардың біріне айналды.

Мәһди туралы түсінік негізінен исламдағы екі ірі бағыттың сүнниттік және шииттік дәстүрлер аясында дамыды. Екі тарап та Мәһдиге сенімді мойындағанымен, оның болмысы мен сипаттарын түсіндіруде айырмашылықтар бар. Сүнниттік дәстүрде Мәһди ақырзаман кезінде Алланың жәрдемімен зұлымдықты жойып, әділдікті орнататын тұлға. Ал шииттік иснәашария бағыты бойынша, Мәһди Пайғамбардың (с.ғ.с.) ұрпағы, нақтырақ айтқанда, хазіреті Хусейіннің әулетінен шыққан тұлға. Шиит сенімі бойынша, ол хижраның 256 жылы дүниеге келіп, ғайыпта өмір сүруде және кез келген уақытта қайта оралуы мүмкін (Хенд, 2017: 3). Бұл екі түрлі ұстаным ислам қоғамында діни әрі әлеуметтік сипаттағы қайшылықтардың пайда болуына негіз болды. Әһлу Сүннет дәстүрінде Мәһдиге сену иман шарттарына кірмейді және діни ғибадаттар оның келуіне тәуелді емес. Намаз, жұма, садақа сияқты діни үкімдер Мәһдидің шығуына байланыссыз орындала береді. Ал шииттік түсінікте кейбір діни амалдар Мәһдидің қайта келуімен тығыз байланыстырылған.


Мәһди сенімі кең мағынада эсхатологиядағы мессия ілімімен сабақтасып, исламға дейінгі діндерде де түрлі формада көрініс тапқан. Иудаизм мен христиандықтағы мессиялық сенім уақыт өте келе ислам дүниетанымында да көрініс тауып, мұсылман мәдениетінің тарихи дамуына ықпал етті (Хасан, 1953:45). Аталған тақырыптың зерттелуі ислам қоғамына тигізетін ықпалы тұрғысынан маңызды. Бір жағынан, мұсылмандардың сенім жүйесін ғылыми және объективті тұрғыдан түсіндіру қажет болса, екінші жағынан, бұл сенім кей жағдайда мұсылмандар арасында немқұрайлылық пен енжарлықтың қалыптасуына да әсер етуі мүмкін. Сонымен бірге, Мәһдиге қатысты түсініктер қазіргі кезеңдегі кейбір саяси және діни қақтығыстардың жасырын идеологиялық негіздерінің бірі ретінде де көрініс табады. Мәселен, Йемен, Сирия және Ирактағы діни-саяси шиеленістерде осы сенімнің ықпалы айқын сезіледі.

Осыған байланысты Мәһди концепциясын ислам ағымдары контексінде талдау қазіргі дінтанулық зерттеулердің өзекті бағыттарының бірі болып табылады. Бұл ұғымның тарихи қалыптасуы, теологиялық интерпретациясы және қазіргі саяси-дүниетанымдық мәні ислам қоғамын түсінудің маңызды кілттерінің бірі саналады.

Зерттеу әдіснамасы

Бұл бөлімде зерттеуге негіз болған дереккөздерге, жарияланымдарды іріктеу критерийлеріне жүйелі шолу берілген. Жүйелі шолу PRISMA әдістемесіне сәйкес жүргізілді (Farrús, 2023). Құран аяттары мен хадистердің мәтіндері өзгермейтіндіктен, жұмысты жалдамдату мақсатында мақалада жасанды интеллект қолданылды. «Сәжде» қосымшасы арқылы дайын Құран аяттары мен хадистердің мәтіндері алынды. Осы талаптарға сәйкес, талдау үшін Scopus және Google Scholar дерекқорындағы мақалалар ғана қарастырылды.

Кесте 1



Деректерді талдау нәтижесінде қорытынды іріктемеде N=20 мақала болды. Зерттеу шолу процедурасының анықтығы мен қайталануын қамтамасыз ету үшін PRISMA әдістемесін қолданды. Барлық таңдалған N = 5 мақалалар 1-кестеде келтірілген.

Кесте 2

Авторлар	«Мәһди» сөзі ...
(Әбу Фудайл ибн Манзур, 1990)	араб тіліндегі « <i>һәдә</i> » (هَدَى) етістігінен туындаған, ол «тура жол көрсету», «бағыттау» деген мағыналарды береді. Осы етістіктен « <i>маф'уул</i> » сөзжасам үлгісі арқылы жасалған « <i>мәһди</i> » сөзі «тура жолға түскен», «һидаятқа жеткен» деген мағынада. Терминдік тұрғыда бұл ұғым «Алла тура жолға салған адам» дегенді білдіреді.
(Хасан, 1953:45).	Исламға дейінгі араб қоғамында «жақсылық пен ізгілікке бастаушы тұлға» мағынасында қолданылған, ал Ислам діні келгеннен кейін бұл ұғым діни сипатқа ие болып, «иманға жетелеуші, туралыққа жеткізуші» мағынасында түсіндірілген.

(Әз-Зәбиди, 2011: 294)	Алланың тура жолға салған деген мағынаны білдіретін есім ретінде қолданылуда. Ақырзаманда келуі сүйіншіленген тұлға да осы есіммен аталады
(Ағырақша, 2000:149)	Исламдық уахидың әмбебап өлшемдеріне сүйеніп, әділетті қоғамдық тәртіп орнатып, зұлымдық пен әділетсіздіктен азат әлем қалыптастыратын, адамзатқа шынайы әрі бұрмаланбаған жетекшілік әкелуші тұлға ретінде қарастырылады.
(Хенд, 2017:9)	ақырзаманда келетін шынайы Мәһди бейнесін әр ғасырдың мүжәддидтерінен (дінді жаңғыртушылардан) ажырату мақсатында қолданылған.

Осы зерттеудің негізгі мақсаты исламдық сенім жүйесіндегі Мәһди ұғымының мәнін, тарихи қалыптасуын және оның түрлі ағымдардағы интерпретацияларын ғылыми тұрғыдан талдау, сондай-ақ бұл түсініктің сүнниттік және шииттік ақидалық дәстүрлердегі орнын айқындау болып табылады. Зерттеу барысында Мәһди концепциясының Құран мен хадис мәтіндеріндегі негіздері, оның тарихи-мәдени және саяси контексте эволюциялануы, сондай-ақ исламдық эсхатологиядағы рөлі мен қазіргі діни сананың қалыптасуына әсері кешенді түрде қарастырылады. Зерттеу барысында келесі зерттеу сұрақтары тұжырымдалды:

1) Мәһди ұғымының шығу тегі мен терминологиялық мәні қандай?

2) Мәһди идеясы ислам тарихында қандай тарихи және саяси жағдайларда қалыптасты?

3) Сүнниттік және шииттік ақидада Мәһди мәселесі қалай түсіндіріледі?

4) Құран мен хадистерде Мәһди ұғымының мағыналық негізі бар ма?

5) Мәһди сенімі ислам эсхатологиясы мен қазіргі діни санада қандай рөл атқарады?

Мәһди ұғымының мәні мен тарихи қалыптасуына әдебиеттік шолу

Бұл бөлімде исламдық сенім жүйесінде ерекше орын алатын Мәһди ұғымының мәні, оның тарихи қалыптасу кезеңдері мен діни-идеологиялық эволюциясы қарастырылады.

Этимологиялық және терминологиялық мағынасы: «Мәһди» сөзі араб тіліндегі «һәдә» (هَدَى) етістігінен туындап, «тура жол көрсету», «бағыттау» деген мағыналарды білдіреді. Осы түбірден «маф'уул» сөзжасам үлгісі арқылы қалыптасқан «мәһди» сөзі «тура жолға түскен», «һидаятқа жеткен» деген мағынаға ие. Терминологиялық тұрғыда бұл ұғым «Алла тура жолға салған адам» дегенді білдіреді. Ал егер ол лексикалық және терминологиялық шектеусіз қолданылса, Мұхаммед пайғамбардың (с.ғ.с.) хабарлаған «ақырзаман адамына» меңзеледі. Осылайша, мәңгілік құтқарушы бейнесі ислам ілімінде ерекше маңызға ие болып, Әһлу Сүннет пен басқа да исламдық ағымдар арасындағы сенімдік айырмашылықтардың негізгі тақырыптарының біріне айналды.

Мәһди идеясының алғашқы көріністері: Мәһди идеясы һижраның алғашқы ғасырында пайда болып, исламдағы кейбір ағымдардың сенім жүйесінде маңызды орын алды. Алғашқыда Кәйсәния және Кәрбия топтары Мұхаммед ибн әл-Ханафияны өлмеген, керісінше Мәдинаның маңындағы Радүа тауында тірі деп санады. Олардың сенімі бойынша, оны арыстан мен жолбарыс қорғап, ризық ретінде бал мен бұлақ суын тұтынып отыр, әрі ол ақырзаманда қайта келетін Мәһди (Әбул Хасан әл-Әшғари, 1990:92). Кейінгі дәуірлерде «мәһдилік» идеясы Омар ибн Абдуләзиз, әл-Мәһди әл-Мағриби ибн Тумарт және әл-Мәһди әс-Сәнуси сияқты тұлғаларға да телінді. Осылайша,

«мәһди» ұғымы екі түрлі мағынада қолданылып келеді: жалпы мағынасы тура жолға шақырушы, адамдарға дұрыс бағыт көрсетуші тұлғаларға қатысты, ал жалқы мағынасы өзін «Мәһди» деп жариялаған, белгілі бір саяси немесе діни ағымдардың көшбасшысы ретінде қабылданған тұлғаларға қатысты.

Мәһдиге қатысты көзқарастардың жіктелуі: Ибн Қайим әл-Жәузия Мәһди туралы көзқарастарды төрт негізгі бағытқа бөледі. Олар:

1) Мәриям ұлы Иса (ғ.с.) нағыз Мәһди. Бұл көзқарас «Мәриям ұлы Исадан басқа Мәһди жоқ» деген хадиске сүйенеді (Ибн Мәжә, б. ж.:1340).

2) Аббас әулетінен шыққан халифа Мәһди. Бұл пікір ғалым Ахмад ибн Ханбалдың «Мұснад» және Ибн Мәжаның «Сүнән» еңбектерінде келтірілген «Хорасан тарапынан қара ту ұстағандар шыққанын көрсеңдер, қар үстінде еңбектеп болса да оларға қосылыңдар, өйткені олардың ішінде Алланың халифасы Мәһди бар» (Ибн Мәжә, б. ж.:1367) деген хадиске негізделеді.

3) Хасан ибн Әлидің ұрпағынан шығатын тұлға ақырзаман Мәһдиі. Бұл бағыт бойынша, Мәһди жер беті зұлымдық пен әділетсіздікке толған кезде келіп, әділдік орнатады. Хадистердің басым бөлігі осы көзқарасты қуаттайды.

4) Хусейн ибн Әлидің әулетінен шыққан Мұхаммед ибн Хасан әл-Аскари әл-Мунтазар Иснаашария түсінігіндегі Мәһди. Бұл бағытта Мәһди Хусейн ибн Әлидің ұрпағынан тарайды және ғайыпта өмір сүруде (Ибн әл-Қайим әл-Жәузия, б. ж.)

Мәһди ұғымының діни-мәдени негіздері: Мәһди концепциясы абстрактілі сенім ретінде ғана емес, өзге діндер мен өркениеттердің ортақ діни-мәдени мұраларымен де сабақтас. Бұл ұғымды білдіретін терминдер мен атаулар діндердің тілдік және мәдени ерекшеліктеріне қарай әртүрлі формада көрініс тапқан (Хакемез, б. ж., б.) Мәһди туралы ғайыпқа кетіп, кейін қайта оралатын тұлға ретінде қалыптасқан сенім Мұхаммед ибн әл-Ханафияның (h. 81/700 ж.) қайтыс болуынан кейін күшейе түсті. Оның саяси беделі мен діни ықпалы мұндай сенімнің пайда болуына қолайлы негіз қалады. Нәтижесінде кейбір мұсылман топтары оны қайта келетін Мәһди деп таныды.

Мәһдилік идеяның эволюциясы: Кәйсания қозғалысынан бастау алған бұл идея уақыт өте келе түрлі бағыттарда дамып, әр ағым өз ішінен бірнеше «Мәһди» таныды. Исламның алғашқы үш ғасырында шиғалар мен жалпы мұсылман қауымының арасында Мәһдидің нақты тұлғасы жөнінде ортақ тұжырым болған жоқ. Имамиттік шиға дәстүрінде мәһдилік сенім он екінші имам тұлғасында түпкілікті қалыптасқанға дейін бірнеше кезеңнен өтті.

Эсхатологиялық мәні: жалпы қабылданған сенім бойынша, Мәһди ақырзаманның соңғы кезеңінде, жер беті зұлымдыққа толған кезде келіп, әлемді әділетке толтырады. Түрлі исламдық ағымдар оның Хасан немесе Хусейн әулетінен шығатынын, кейбірі оның болашақта дүниеге келетінін, ал енді бір бөлігі ғайыпқа кеткеннен кейін қайта оралатынын алға тартады. Барлық бағыттар үшін ортақ тұжырым Мәһдидің келуі міндетті және ол жер бетінде әділет орнатады. Исламдық эсхатологияда Мәһдидің келуі Иса пайғамбардың (ғ.с.) көктен түсуімен байланыстырылып, қияметтің үлкен белгілерінің бірі ретінде қарастырылады. Классикалық түсінік бойынша, Иса (ғ.с.) жер бетіне түскен соң Мәһдидің артында намаз оқиды, ал Дәжжалдың пайда болуы адамзат тарихындағы ең үлкен сынақ ретінде сипатталады. Осылайша, Мәһди бейнесі исламдық ақырзаман концепциясының ажырамас элементі болып, ғаламдық өзгерістер мен соңғы заман оқиғаларының басталуын білдіреді.

Негізгі бөлім

Бұл бөлімде Мәһди туралы түсініктің Құранда, сүнниттік хадис әдебиетінде қалай көрініс тапқаны, оның дереккөздік негіздері мен иснадтық сенімділік дәрежесі талданады. Сондай-ақ хадистердің мазмұндық ерекшеліктері, тәпсірлік байланыстары және Мәһди тұлғасына қатысты сүнниттік ғалымдардың көзқарастары жүйеленіп қарастырылады.

Құранда «Мәһди» сөзі тікелей аталмайды. Дегенмен, оның мағынасына жақын «һәди» сөзі кездеседі. Бұл ұғым Алла тарапынан адамдарды тура жолға бастау үшін таңдалған және ақиқатқа жеткізілген тұлғаны білдіреді (Анарбаев және т.б., 2020:30:53). Кейбір топтар Мәсіх туралы көзқарастарында болғандай, Мәһдидің келуін де міндетті деп санап, Құран аяттарын өз түсініктеріне сай жориды. Олар «Әр қауымның тура жолға бастайтын бір жолбасшысы бар» (Анарбаев және т.б., 2020:13:7) және «Алла сендердің іштеріңнен иман келтіріп, ізгі амал жасағандарға, олардың алдындағы өткендерді мұрагер еткені секілді, жер бетінде оларды да мұрагер етуді, Өзі разы болған дінді орнықтыруды және олардың қауіп-қатерін амандық пен тыныштыққа айналдыруды уәде етті» (Анарбаев және т.б., 2020:24:55) деген аяттарды Мәһди туралы ұғымның Құранда бар екендігін дәлелдеуге негіз ретінде қолданады. Алайда тілдік және семантикалық тұрғыдан қарағанда, Құран мәтінінде «Мәһди» термині қолданылмайды. Оның орнына мағынасы ұқсас «һұда» және оның туынды формалары көптеген сүрелерде кездеседі. Бұл терминдер, негізінен, тура жолға бастау, дұрыс бағыт көрсету және иләһи жетекшілік мағынасын білдіреді.

Кесте 3

Арабша	Қазақша мағынасы	Авторлар
أُولَٰئِكَ الَّذِينَ هَدَىٰ اللَّهُ فِيهِدَاهُمُ أَفْتَدِهْ	«Міне, осы таңдаулы тұлғалар Алланың тура жолға салған құлдары. Ендеше, (уа, расулым), сен де солардың тура жолына түс».	(Анарбаев және т.б., 2020:6:90)
مَنْ يَهْدِ اللَّهُ فَهُوَ الْمُهْتَدِ وَمَنْ يَضِلَّ فَأُولَٰئِكَ هُمُ الْخَاسِرُونَ	«Алла кімге тура жолға түсуді нәсіп етсе, тура жолды тапқан жан, міне, сол. Ал кімді адастыратын болса, міне, солар бар жақсылықтан қағылып, оңбай зиян шеккендердің нақ өзі».	(Анарбаев және т.б., 2020:7:178)
رَبَّنَا لَا تُزِغْ قُلُوبَنَا بَعْدَ إِدِّ هَدَيْتَنَا	«Уа, Раббымыз! Бізді тура жолға салғаннан кейін жүрегімізді ауытқыта көрме!».	(Анарбаев және т.б., 2020:23, 3:8)
كَذَٰلِكَ يُبَيِّنُ اللَّهُ لَكُمْ ءَايَاتِهِ لَعَلَّكُمْ تَهْتَدُونَ	«Сендер тура жолға түссін деп, Алла өзінің аяттарын осылайша ашық баяндайды».	(Анарбаев және т.б., 2020:3:103)

«һұда» және оның туындыларына қатысты дәлел болатын аяттар біз келтірген мысалдармен шектелмейді. Құран Кәрімде Алланың адам баласына һидаят (тура жолға салу) беруі мазмұндық тұрғыдан бірнеше қырынан сипатталады. Бұл ұғым төрт негізгі формада көрініс табады.

Кесте 4

Құран Кәрімдегі һидаят концепциясының формалары	Мағынасы
Жаратылысқа тән һидаят	Барлық міндетті (мүкәлләф) жаратылыстардың табиғатына берілген, қажетті білім, ақыл және зеректілікті қамтитын ішкі бағдар. Құранда бұл туралы былай делінген: الَّذِي أَعْطَى كُلَّ شَيْءٍ خَلْقَهُ ثُمَّ هَدَى قَالَ رَبُّنَا «Мұса оған: «Біздің Раббымыз – барлық нәрсені жоқтан жаратқан, содан кейін бәрін де жаратылыс мақсатына қарай өз жолына салған ұлы Жаратқан», – деп жауап берді» (Анарбаев және т.б., 2020:20:50).
Уахи және пайғамбарлар арқылы болатын һидаят	Құранның түсірілуі мен пайғамбарлардың адамдарды хақ жолға шақыруы арқылы жүзеге асатын жетекшілік. Осы мағынада Алла былай дейді: وَجَعَلْنَاهُمْ أُمَّةً يَهْدُونَ بِأَمْرِنَا «Оларды әміріміз бойынша адамдарға тура жолды нұсқайтын жолбасшы көсем қылдық» (Анарбаев және т.б., 2020:21:73).
Таупық (ерекше ілтипат түріндегі һидаят)	Алланың тура жолға түскен пенделерінің жүрегін бекемдеп, иманын арттыруы. Құранда бұл мағына бірнеше аяттарда көрініс табады: وَالَّذِينَ اهْتَدَوْا زَادْهُمْ هُدًى وَءَاتَيْنَاهُمْ تَقْوَاهُمْ «Ал тура жолға түскендерге келсек, Алла олардың осынау хақ жолға деген сенімін арттырып, жүректерін орнықтырады һәм (Өзіне лайықты түрде тағзым ететін әрі күнә атаулыдан барынша сақтанатын) тақуа болуды нәсіп етеді» (Анарбаев және т.б., 2020:47:17). Сондай-ақ: بِاللَّهِ يَهْدِي قَلْبَهُ وَمَنْ يُؤْمِنْ بِاللَّهِ يَهْدِ اللَّهُ قَلْبَهُ «Кімде-кім Аллаға шын көңілден иман етсе, Алла оның жүрегін ақиқатқа және дұрыс бағытқа бұрады» (Анарбаев және т.б., 2020:64:11).
Ақыреттегі һидаят (жәннатқа жеткізетін жетекшілік)	Құранда былай делінеді: سَيَهْدِيهِمْ وَيُصْلِحُ بَالَهُمْ وَيُخْلِقُ لَهُمُ الْجَنَّةَ عَرَفَهَا لَهُمْ «Оларды (екі дүниеде де) тура жолға салып, мақсат-мұратына жеткізеді һәм салттарын (яғни, ақыл-ойларын, ниеттерін, сөздерін, іс-әрекеттерін) түзеп, оңалтады. Һәм оларды (дүниеде) өздеріне танытқан жұмағына кіргізеді» (Анарбаев және т.б., 2020:, 47:5), (Әр-Рағиб әл-Исфакани, б. ж.:6:700).

Жоғарыда айтылғандар «һуда» сөзінің Құрандағы мағыналық аясын айқындайды. Егер «мәһди» сөзі «һидаятқа жеткізуші» немесе «тура жолға бастаушы» дегенді білдірсе, онда оның мәні аталған төрт мағынаның ішінде, әсіресе бірінші және үшінші түрлерімен семантикалық тұрғыда үйлеседі. Бұл келтірілген тұжырымдар сөздік (лафздық) деңгейде жасалған талдаулар нәтижесі. Алайда шииттік иснәашария (он екі имамдық) мектебінің өкілдері Құран Кәрімде Мәһдидің астарлы (димний) түрде де кездесетінін алға тартады. Олардың пікірінше, бірқатар аяттарда осы тұлғаға қатысты ишаралар мен сүйінші хабарлар бар. Бұл мәселеге байланысты әр кезеңде түрлі еңбектер жазылған. Солардың ішінде Хашим әл-Бахранидің «әл-Мухаджжиз фи ма нәзәлә фи әл-Қаими әл-Хужжа» және Садық әл-Хусейни әш-Ширазидің «әл-Мәһди фи әл-Құран уә әс-Сунна» атты еңбектері айрықша орын алады.

Иснәашария ғалымдары Құрандағы кейбір аяттарды Мәһди тұлғасына меңзейді деп түсіндіреді. Олардың көзқарасы бойынша, төмендегі аят солардың бірі:

وَنُرِيدُ أَنْ نَمُنَّ عَلَى الَّذِينَ اسْتُضْعِفُوا فِي الْأَرْضِ وَنَجْعَلَهُمْ أَئِمَّةً وَنَجْعَلَهُمُ الْوَارِثِينَ

«Ал Біздің қалауымыз: Мысыр жерінде әбден қорлық көріп, жапа шеккен қауымға шарапатымызды тигізіп, оларды (залымдардың қанды шеңгелінен құтқарып) өзге ел-жұртқа жан-жақты үлгі болатын көсем ел етіп, араларынан елді тура жолға бастайтын жолбасшылар шығару, сондай-ақ оларды (шығысы мен батысына құт-береке дарыған қасиетті де құтты мекенге) мұрагер қылу еді» (Анарбаев және т.б., 2020:28:5).

Тәпсірші Әт-Туси бұл аятқа қатысты былай деп түсіндіреді: «Біздің жолдастарымыздың бір бөлігі бұл аяттың Мәһди туралы түскенін риуаят еткен. Алла оны әлсіз әрі дәрменсіз болғаннан кейін рақымына бөлеп, имам әрі мұрагер етеді» (Әт-Туси, б. ж.:8:129). Шииттік көзқарас бойынша, Мәһди бұл аятта тікелей аталмағанымен, ишара түрінде меңзелген тұлға ретінде қарастырылады. Ал Әһлу Сүннет тәпсіршілері, керісінше, бұл аятты Исраил ұрпақтарына қатысты деп түсіндіреді: «Алла Исраил ұрпақтарына рақым көрсетіп, оларды басшылар етті және Перғауын әулетінің мұрагерлері қылды» (Әт-Табари, 2001:152-153). Осы тұрғыдан қарағанда, аяттың мазмұны Мәһди немесе оның жақтастарына емес, Перғауын дәуіріндегі Исраил ұрпақтарының жағдайына байланысты баяндалған. Құранда бұл туралы былай делінеді:

إِنَّ فِرْعَوْنَ عَلَا فِي الْأَرْضِ وَجَعَلَ أَهْلَهَا شِيَعًا يَسْتَضِعُّ طَائِفَةً مِّنْهُمْ يُذَبِّحُ أَبْنَاءَهُمْ وَيَسْتَحْيِي نِسَاءَهُمْ إِنَّهُ كَانَ مِنَ الْمُفْسِدِينَ ﴿٤﴾ وَنُرِيدُ أَنْ نَمُنَّ عَلَى الَّذِينَ اسْتُضْعِفُوا فِي الْأَرْضِ وَنَجْعَلَهُمْ أَئِمَّةً وَنَجْعَلَهُمُ الْوَارِثِينَ ﴿٥﴾ وَنُؤَمِّنَنَّ لَهُمْ فِي الْأَرْضِ وَنُرِي فِرْعَوْنَ وَهَامَانَ وَجُنُودَهُمَا مِنْهُمْ مَا كَانُوا يَحْذَرُونَ ﴿٦﴾

«Расында, Перғауын (Мысыр) жерінде астамшылыққа барып, ол жердің халқын топ-топқа бөлді, әсіресе, олардың арасынан бір топқа көрсетпеген қорлығы қалмады. Олардың ұл балаларын жаппай бауыздауда, қыздарын (күн қылу әрі жергілікті халыққа үйлендіріп, аталмыш топтың тұқымын тұздай құрту үшін) тірі қалдыруда. Ол расында да, барып тұрған бұзақы еді.(4) Ал Біздің қалауымыз: Мысыр жерінде әбден қорлық көріп, жапа шеккен қауымға шарапатымызды тигізіп, оларды (залымдардың қанды шеңгелінен құтқарып) өзге ел-жұртқа жан-жақты үлгі болатын көсем ел етіп, араларынан елді тура жолға бастайтын жолбасшылар шығару, сондай-ақ оларды (шығысы мен батысына құт-береке дарыған қасиетті де құтты мекенге) мұрагер қылу еді.(5) Сондай-ақ оларды сол жердің қожайындары ету әрі Перғауын мен (бас уәзірі) Һаман һәм екеуінің қалың әскері (Мұса және қауымынан) қандай себеппен қорыққан болса оларды соған душар ету еді(6)» (Анарбаев және т.б., 2020:28:4-6).

Сонымен қатар, Мәһдиге қатысты деп жиі келтірілетін тағы бір аятта Алланың хақ дінді үстем ету уәдесі баяндалады:

هُوَ الَّذِي أَرْسَلَ رَسُولَهُ بِالْهُدَىٰ وَدِينِ الْحَقِّ لِيُظْهِرَهُ عَلَى الدِّينِ كُلِّهِ وَلَوْ كَرِهَ الْمُشْرِكُونَ

«Мүшріктер қанша жерден жақтырмаса да, Алла хақ дін Исламның мерейін өзге дін (өзге жүйе) атаулының барлығынан үстем ету үшін пайғамбарын тура жол және хақ дінмен жіберді» (Анарбаев және т.б., 2020:9:33).

Бұл аятты кейбір ғалымдар Мәһди заманында Исламның үстемдікке жетуін меңзейтін ишара ретінде түсіндіреді.

Құран аяттарының шииттік түсіндірмесі және Мәһди туралы көзқарастар

Аяшидің тәпсірінде бұл мәселеге қатысты мынадай риуаят келтіріледі: «Аят оқылғаннан кейін Әбу Абдулла былай деді: «Ол (Мәһди) шыққан кезде Аллаға серік қосушылар мен кәпірлердің ешқайсысы оның шығуын құп көрмейді» (Аяши, 2000:2: 88). Тәпсіршілердің басым көпшілігі бұл аятта меңзелген негізгі мағына Ислам дінінің өзге діндерден үстем болуы және Мұхаммед пайғамбардың (с.ғ.с.) осы міндетті атқару үшін жіберілгендігі деп түсіндіреді. Дегенмен, «...хақ дін мерейін өзге дін атаулының барлығынан үстем ету үшін...» деген тіркестің түсіндірмесінде ғалымдар арасында түрлі пікірлер қалыптасқан. Кейбір зерттеушілер бұл жайт Иса пайғамбардың (а.с.) қайта келуі кезінде адамзаттың бір дін астында бірігуі арқылы жүзеге асады деп санайды. Ал өзге ғалымдар бұл тіркес Мұхаммед пайғамбарға (с.ғ.с.) діннің барлық талаптарының толық жеткізілгенін және оның осы ақиқаттан хабардар болғанын білдіреді деп пайымдайды (Әт-Табари, 2001:11:422-423). Құранда Алла Тағала тағы бір аятта былай дейді:

وَقَاتِلُوهُمْ حَتَّى لَا تَكُونَ فِتْنَةٌ وَيَكُونَ الدِّينُ كُلُّهُ لِلَّهِ

«(Уа, мүміндер!): Күпірліктен туындайтын лаң, бүлік һәм зұлымдық атаулы толық жойылып, хақ дін өзінің лайықты орнын алғанша, дін (яғни, құлшылық пен мойынсұнушылық) толығымен бір Аллаға арналғанға дейін олармен соғысыңдар» (Анарбаев және т.б., 2020:8:39).

Табәрси осы аятқа қатысты риуаятта былай дейді: «Әбу Абдулла былай деген: «Бұл аяттың шынайы мәні әлі жүзеге аспаған. Бізге еріп, болашақта болатын оқиғаларды көргендер оның тауилін (астарлы түсіндірмесін) түсінетін болады. Мұхаммед пайғамбардың (с.ғ.с.) діні жер бетін түгел қамтып, бірде-бір мүшрік қалмайынша, бұл аяттың толық мағынасы ашылмайды» (Әт-Табәрси, 2006:4:344). Ал келесі аятта Алла былай дейді:

يَعْبُدُونَنِي لَا يُشْرِكُونَ بِي شَيْئًا

«Олар Маған ғана құлшылық етеді, (сенімде, құлшылықта және тіршілікте) Маған еш-нәрсені серік етіп қоспайды» (Анарбаев және т.б., 2020:24:55).

Аяшидің осы аятқа берген түсіндірмесінде: «Бұл істің иесі (Мәһди) Алла елшісі (с.ғ.с.) сияқты жизья қабыл етпейді. Бұл жағдай дәл осы аятқа қатысты» деп риуаят етіледі (Аяши, 2000:2:60). Шииттік иснәашария бағытының өкілдері Мәһдиге қатысты Құран Кәрімнің көптеген аяттарын тікелей осы мәселеге арналған немесе оған ишара ретінде түсіндіреді. Алайда бұл көзқарас дәлелдік тұрғыдан әлсіз және тауилге шамадан тыс сүйенген ұстаным болып табылады. Біз келтірген мысалдар олардың тәпсірлерінде келтірілетін аяттардың тек бір бөлігі ғана. Мұндай түсіндірулер, біздің пайымдауымызша, шииттік имамат ілімінің және ондағы Мәһди сенімінің ықпалынан туындаған. Сонымен қатар, аталған радикалды идеяға қарсы пікір ұстанған өзге ағымдар да бар. Олар Мәһди сеніміне қатысты көзқарастардың Құран Кәрімде нақты түрде кездеспейтінін атап өтіп, бұл ұғымды мойындамайды (Әл-Уәһби, 2004:144).

Қорытындылай келгенде, шииттік иснәашария мектебі өздерінің Мәһдиге қатысты сенімдерін негіздеу мақсатында кейбір хадистерді ойдан шығарумен қатар, көптеген аяттарды тауил (астарлы түсіндіру) әдісі арқылы жорамалдаған. Мысалы, олар Нұр сүресінің 55-аятын Қаим әл-Мәһди мен оның серіктеріне қатысты түскен деп түсіндіреді. Сондай-ақ, Қаим әл-Мәһдидің ақырзаман кезінде шығып, зұлымдыққа толы дүниені әділетке айналдыратыны және оның хазіреті Әли әулетінен, Хусейн ұрпағынан болатыны туралы риуаяттар жиі кездеседі (Хакемез, б. ж., б.:140).

Сүнниттік хадис дереккөздерінде «Мәһди» мәселесі: реттік талдау

Канондық жинақтар: Сүнниттік хадис әдебиетінде Бұхари мен Муслимнің «Сахихтарында», сондай-ақ Нәсайдің «Сүнәнінде» Мәһди есімі аталатын риуаяттар жоқ. Фуат Абдулбаки Ибн Мәжәның «Сүнәніне» жасаған тахқиқінде Хакимнің «әл-Мұстадрак» еңбегіне сүйене отырып, Мәһдиге қатысты риуаяттардың Бұхари мен Муслимге енгізілмегенін атап өтеді (Ибн Мәжә, б. ж.:2:1367). Сонымен бірге, өзге жинақтарда Мәһди туралы деректер бар, алайда олар сүнниттік түсініктегі көзқарастардың қалыптасу динамикасын ғана көрсетеді. Ерте жазба куәліктердің бірі Абдураззақ әс-Санғанидің он бір томдық «Мусаннафы».

Құран Сүннет арақатынасы: Иснәашариядан тыс бағыт өкілдерінің пікірінше, Құранда «Мәһди» ұғымы ни сөздік (лафз), ни жанама (зимни) түрде кездеспейді; бұл ұғым Пайғамбар (с.ғ.с.) хадистерінде көрініс тапқан.

Сүннет бойынша баяндау формалары:

1) «Мәриям ұлы Иса» контексті (дауы бар риуаяттар).

Ахмад ибн Ханбал «Мұснадта» Әбу Һурайрадан риуаят етеді: «Мәриям ұлының имам, Мәһди әрі әділетті төреші ретінде сендерге түсуі өте жақын... жизьяны жояды...» (Ибн Ханбал, 1995:9:184-185). Ибн Мәжәда және Хакимнің «Мұстадракінде» келген нұсқада: «...Мәриям ұлы Исадан өзге Мәһди жоқ» делінеді (Ибн Мәжә, б. ж.:2:1340; (Әл-Хаким, 1990:4:488). Хаким басқа иснадпен осы мазмұнды «Мәриям ұлынан басқа Мәһди жоқ» тіркесінсіз береді (Әл-Хаким, 1990:4:489). Ибн Қайим «әл-Манар әл-Мунифте» хадистің иснадына қатысты ғалымдар пікірін жинақтайды негізгі тізбекте Мәжһул (Мұхаммед ибн Халид), Әбан ибн Әби Айяш (матрук), Хасаннан Пайғамбарға (с.ғ.с.) дейінгі тізбекте мунқатиғ бар. Әз-Зәһәби оны «мункар» деп сипаттайды (Ибн әл-Қайим әл-Жәузия, б. ж.:140-141; Әз-Зәһәби, 1963:3:535).

Осылайша, Иса (ғ.с.) = «Мәһди» мағынасы сенімді риуаяттармен орнықтаған, әлсіз/дау тудыратын жолдармен келген.

2) «Мәһди» туралықта болған басшыларға берілетін сипат.

Ирбаз ибн Сариядан: «Менің сүннетіме және тура жолда болған хулафа ар-рашидиннің (Мәһдилердің) сүннетіне мықтап жабысыңдар» (Ибн Ханбал, 1995:13:280). Мұндағы «Мәһдилер» Әбу Бәкір, Омар, Осман, Әли және олардың жолын ұстанғандар (Ибн әл-Әсир, б. ж.:1004). Үммү Сәләмәға жасалған дұғада: «Оның дәрежесін һидаятқа түскендер қатарында көтер!» (Муслим, 1955:2:634; (Әл-Азим Әбади, б. ж.:2:1331). Бұл жерде «мәһди» лексикалық-этикалық сипат.

3) Ақырзаман Мәһдисі эсхатологиялық тұлға (көп риуаятпен бекіген).

Ибн Масғудтан: «Менің Әһли Бәйтімнен, есімі менің есіміме сәйкес келетін бір адам... жер жүзі зұлымдыққа толғаннан кейін оны әділетке толтырады» Ахмад «Мұснадта», Әбу Дәуід, Тирмизи «Сүнәндерде», Дарими, Бәззар, Табараниде риуаят еткен. Тирмизи «сахих/хасан» деп бағалаған; Ахмад Шәкир иснады «сахих» (Ибн Ханбал, 1995:142). Үммү Сәләмәдан: «Мәһди менің әулетімнен, Фатиманың ұрпағынан» (Әбу Дәуд, 1997:4:306). Әбу Саид әл-Худриден: Мәһдидің әл-белгілері жеті жыл билігі, ал кей нұсқаларда сегіз жыл деп келеді (санақ айырмасына байланысты) (Әл-Хаким, 1990:5:19–20; Әбу Дәуд, 1997:4:307). Хаким иснадын Муслим шарттарына сай «сахих» деп бағалаған (Әл-Хаким, 1990:5:19).

Осылайша, Шәукәни: «Мәһдилікке қатысты хадистер елуге жуық, ал арнайы еңбектер жиырма сегіз» (Әл-Қануж, 2000:150). Мұхаммед әс-Сафарини: «Иснадтары көптігімен ма'науи тәуәттүрге көтерілген, ал ақидада кең тараған» (Әс-Сафарини, 1982:2:84).

Дәлелдеуде Құран аяттарын та'уил жасау мәселесі

Иснәашарияда кей аяттар Мәһдиге ишарат ретінде түсіндіріледі. Сүнниттік негізгі тәпсірде бұл аяттардың мағынасы жалпы діннің үстемдігі, мүшріктермен күрес тәртібі және мүміндерге берілген уәделер контекстінде қарастырылады.

Кесте 5

Аяттар	Мағынасы	Авторлар
9:33	«Ол Елшісін һидаят және хақ дінмен жіберді...» сүнниттік пікір: Исламның үстемдігі мен Мұхаммед (с.ғ.с.) миссиясы, ал кей зерттеушілерде Иса (ғ.с.) қайтуымен байланысты түсіндірмелер бар.	(Әт-Табари, 2001:11:422-423).
8:39	«...дін толығымен Аллаға тән болғанға дейін олармен соғысыңдар» Тәбәрсри риуаяттарында эсхатологиялық та'уилдер беріледі.	(Әт-Табәрсри, 2006:4:344)
24:55	«Олар Маған ғана құлшылық етеді, серік қоспайды» Аяшидегі риуаятта Мәһдидің жизья қабыл етпейтінімен байланыстырылған.	(Әл-Уәһби, 2004:2:60)

Сүнниттік тәпсір дәстүрінде бұл аяттар Мәһдиге тікелей дәлел емес, жалпы діни-құқықтық және тарихи контексті баяндайды. Мәһдиге нақты дәлелдеме хадис бойынша жүзеге асады.

Мәһдидің тұлғалық-эсхатологиялық сипаттары (хадистер бойынша)

Тегі: Әһли Бәйт, Фатиманың ұрпағы (Әбу Дәуд, 1997:4:306).

Есімі: Пайғамбар есіміне сәйкес (Ахмад/Мұхаммед) (Ибн Ханбал, 1995:4:142).

Миссиясы: зұлымдыққа толған дүниені әділетке толтыру (әлеуметтік-этикалық түзету) (Ибн Ханбал, 1995:4:142).

Билік мерзімі: көбіне 7 жыл, ал кей риуаяттарда 8 жыл (варианттылық санау/риуаят айырмасына байланысты) (Әл-Хаким, 1990:5:19-20; Әбу Дәуд, 1997:4:307).

Сыртқы белгілері: «Маңдайы ашық, мұрны жіңішке» тәрізді сипаттамалар келеді (Әбу Дәуд, 1997:4:307).

Әлеуметтік әсері: Байлықтың әділ үлестірілуі, қоғамның қанағат сезіміне жетуі (Ибн Ханбал, 1995:10:119).

Қорытындылай келе, Құранда «Мәһди» ұғымы тікелей аталмайды; та'уил арқылы байланыстырылатын аяттар бар, бірақ сүнниттік негізгі тәпсір оларды жалпы діни-тарихи контексте түсіндіреді. Сүнниттік хадис бойынша «Иса = Мәһди» мағынасы сенімді деңгейде орнықтаған (иснад әлсіз/мұнкар жолдар). Эсхатологиялық Мәһдиге қатысты риуаяттар көп, олардың елеулі бөлігі хасан/сахих дәрежесінде, ма'науи тәуәттүрге жуықтайды; сүнниттік сенім-құрлымда Мәһди Әһли Бәйттен, есімі Пайғамбар (с.ғ.с.) есіміне сәйкес, әділет орнатушы тұлға ретінде танылады.

Талқылау

Бұхари өзінің «Сахих» жинағында «Иса ибн Мәриямның нузулі (түсуі)» бабында Әбу Һурайрадан риуаят етілген хадисті келтіреді. Пайғамбар (с.ғ.с.) былай деген:

«Мәриям ұлы (Иса) сендердің араларыңа түсіп, имамдарың да (іштеріңнен) болған сәтте, халдерің қандай болмақ?» (Бұхари, 2001:4:168).

Бұл хадис мазмұны ақырзаман тақырыбындағы Иса (ғ.с.) мен Мәдһи бейнелері арасындағы өзара байланысты сипаттайды. Муслим «Сахих» еңбегінде Жәбірден жеткізген риуаятта Пайғамбар Мұхаммед (с.ғ.с.) былай дегені айтылады:

«Мен Пайғамбардың (с.ғ.с.) былай дегенін естідім: «Мәриям ұлы Иса (ғ.с.) түседі. Сонда мүміндердің әмірі оған: «Бізге намаз оқыт!» – дейді. Бірақ Иса (ғ.с.) оған: «Жоқ, сендер өз араларыңнан әмір етіп тағайындалған адамдарсыңдар. Алланың осы үмметке көрсеткен құрметі мен нығметінің белгісі», – деп жауап береді»» (Муслим, 1955:1:137).

Аталған хадистерден аңғарылатыны ақырзаман кезеңінде мұсылмандар өз іштерінен шыққан имамның басшылығымен намаз оқиды, ал Иса (ғ.с.) сол имамға, кейбір риуаяттарда Мәдһиге ұйиды. Бұл Ислам үмметінің Алла алдындағы мәртебесінің жоғары екендігін білдіреді. Бұхари, Муслим және басқа жинақтардағы хадистер өзара толықтырып, Мәдһи мен Иса (ғ.с.) арасындағы байланыстарды нақтылай түседі. Әбу Усәмә Хишамнан, ол Ибн Сириннен риуаят еткен хадисте:

«Мәдһи осы үмметтен болады. Ол Мәриям ұлы Исаға (ғ.с.) имамдық етеді» (Ибн Әбу Шәйба, 1989:7:513).

Бұл хадис Мәдһидің Ислам үмметінен шығатынын және Исаның (ғ.с.) оған ұйып намаз оқитынын көрсетеді. Демек, Мәдһи Мұхаммед пайғамбардың (с.ғ.с.) үмметінен шыққан рухани әрі саяси жетекші, ал Исаның түсуі құдайлық әділдіктің орнауы мен иман бірлігінің көрінісі. Әбу Дәуіттің «Сүнән» атты еңбегінің «Мәләһим» бабында Әбу Һурайрадан риуаят етілген хадисте:

«Шын мәнінде, Алла әрбір ғасырдың басында осы үмметке олардың діни істерін жаңғыртатын бір мүжәддидті жібереді» (Әбу Дәуд, 1997:4:313).

Бұл хадиске сүйене отырып, сәләф ғалымдары «мәдһиділік» ұғымын «мүжәддидтік» (діни жаңғыртушылық) түсінігімен байланыстырған. Осыған байланысты, «тәждид» және «мүжәддид» ұғымдарының мағыналық негіздерін айқындау маңызды. «Тәждид» (تجدید) араб тіліндегі «жәддәде» (جَدَدٌ) етістігінен туындап, «жаңарту», «жаңғырту» деген мағына береді (Әз-Зәбиди, 2011:7:478). Терминологиялық тұрғыда ол ұмытылған діни амалдарды Құран мен Сүннет қағидаларына сай түрде қайта жаңғырту, дінге енген бидғаттар мен хұрафаларды жою (Әл-Азим Әбади, б. ж.:2:1841). «Мүжәддид» дінді жаңғыртушы, ислам шариғаты негізінде ұмытылған ілімдерді тірілтуші тұлға (Әбул А'ла әл-Мәудуди, 1967:13).

Мұхаммед пайғамбардың (с.ғ.с.) хадисі бойынша, әр ғасырда үмметке осындай мүжәддид жіберіледі. Бұл жөнінде Әзим Абади «Аун әл-Мә'абуд шәрх әс-Сүнән Әби Дәууд» және Мұхаммед Абдуррауф әл-Мәнәуи «Фәйз әл-Қадир би шәрх әл-Жами' әс-Сағир» еңбектерінде былай түсіндіріледі:

«Алла әрбір жүз жылдың басында Ислам үмметіне бір адамды жібереді. Ол адам сүннетті бидғаттан (дінде негізі жоқ жаңалықтар) айырып, ілім мен ғалымдарды арттырып, оларға жәрдем көрсетеді және жамандықтар мен бидғаттар, жалған сенімдер кең тарағаннан кейін, оларды жояды. Бұл тәждид (діни жаңғырту) кейде бір адамның, ал кейде бірнеше адамның қызметі арқылы жүзеге асады» (Әл-Азим Әбади, б. ж.:2:1841).

Ислам ғалымдары мүжәддид болу үшін бірқатар шарттарды белгілеген. Ғұлама әс-Суютидің пікірінше, мұндай тұлға өз дәуірінде өмір сүріп, діни жаңғыруға себепкер болуы, білім мен Сүннетті басшылыққа алуы, ілім салаларында терең білімімен заманына ықпал етуі және үмбетке пайдалы рухани әсер қалдыруы тиіс (Әс-Суюти, б. ж., б.:16).

Осы түсіндірмелер негізінде мүжәддид пен мәдһиділік ұғымдарының арасындағы басты айырмашылықтар айқындалады. «Мүжәддид» әр ғасырда пайда болып, Исламды

тазарту мен ұмытылған қағидаларды қайта жандандырушы тұлға. Ал «Мәһди» ақырзаман кезінде зұлымдық жайлаған дәуірде әділдік орнату үшін жіберілетін, Әһли Бәйт ұрпағынан шыққан жетекші.

Демек, «Мәһди» мүжәддидтердің бірі әрі соңғысы. Ол рухани және моральдық тұрғыдан Алланың ерекше жәрдемі арқылы кемелдікке жетеді. Пайғамбар (с.ғ.с.) бұл жөнінде:

«Алла оны бір түнде түзетеді (және кемелдікке жеткізеді)» деп хабар берген (Ибн Ханбал, 1995:1:444).

Бұл хадис Мәһдидің рухани жетілуінің тікелей құдайлық жәрдеммен болатынын көрсетеді. Мысал ретінде Рашид халифалардың бірі Омар ибн Абдуләзиз алғаш мүжәддид ретінде танылған. Ол толық шарифи білімге ие болмағанымен, діни жаңғыруға себепкер болған. Бұл мүжәддидтік мәртебе үшін міндетті түрде барлық ілім салаларын меңгеру шарт еместігін дәлелдейді.

Қорытындылай келе, Алла Тағала үммет тарихында дінді жандандырып, әділдікті орнататын таңдаулы құлдарын жіберіп отырған. Мәһди мен мүжәддидтер миссиясының өзегі сенім мен амалдың тазалығы, әділет пен хақ жолдың қайта тірілуі.

Қорытынды

Қорытындылай келе, «Мәһди» ұғымы араб тіліндегі һәдә (هَدَى) етістігінен туындай отырып, «тура жол көрсету», «бағыттау» мағынасын білдіреді және терминологиялық тұрғыда «Алла тарапынан тура жолға салынған адам» деген ұғыммен астасады. Құран мәтінінде «Мәһди» сөзі тікелей кездеспегенімен, оның мағыналық өрісі көбінесе «һұда» және осы түбірден туындайтын сөздер арқылы беріліп, «тура жолға бастау» мен «жетекшілік» мағынасын қамтиды. Алайда бұл аяттарды Мәһдидің жеке тұлғалық бейнесі немесе ақырзамандық миссиясы ретінде түсіндіруге нақты тілдік немесе логикалық негіз жоқ.

Мәһди концепциясы негізінен хадис және та'уил (астарлы түсіндіру) деректеріне сүйене отырып қалыптасқан. Шииттік Иснашария мектептерінде Құран аяттары астарлы мағынада түсіндірілсе, дәстүрлі сүнниттік тәпсіршілер көбінесе оларды тарихи және контекстуалды тұрғыда талдайды. Хадистік деректерде Мәһдиге қатысты көптеген риуаяттар кездескенімен, олардың сенімділігі мен мазмұндық үйлесімділігіне қатысты ғалымдар арасында елеулі пікір алшақтықтары бар.

Осыған байланысты, Мәһди идеясы теологиялық, тарихи және мәтіндік тұрғыдан көпқырлы әрі күрделі феномен болып саналады. Ол Құрандағы жалпы һидаят ұғымымен мағыналық байланысқа ие болғанымен, нақты догматикалық сипатқа хадис және тәпсір ілімдері негізінде ие болды. Сондықтан бұл тақырыпты одан әрі зерттеу барысында хадистердің иснад (риуаят тізбегі) жүйесін, та'уил тәсілдерін және тарихи-контекстуалды талдауды кешенді түрде қарастыру өзекті болып табылады. Мұндай әдістемелік тәсіл мәселенің ғылыми тұрғыдан терең әрі объективті түсіндірілуіне мүмкіндік береді.

Бұл мақала «Ислам ағымдарындағы Мәһди тұжырымдамасы» тақырыбындағы магистрлік диссертациялық жұмыс негізінде жазылған. Құран Кәрім аяттарының аудармасы өзгермейтіне байланысты, осы мақаладағы Құран аяттардың аудармасы «Sajda» қосымшасына жүктелген Анарбаев, Н.С., & Әкімханов, А.Б. (2020). Құран Кәрім: Қазақша түсіндірмелі аудармадан алынған.

Авторлардың қосқан үлесі

Курбанов Б. – мақала мәтінін жазды, әдебиеттік шолу жасады, техникалық рәсімдеу жұмыстарын жасады.

Бейсенбаев Б. – талдау жұмыстарын жасады, мәтінді редакциялады.

Кайрбеков Н. – мәтінді редакциялады.

Мүдделер қақтығысы

Авторлар мүдделер қақтығысының жоқтығын мәлімдейді.

Әдебиеттер тізімі

- Ағырақша, А. (2000). Мәһди. Шамил Ислам энциклопедиясы (Т. 5, б. 149). Дергах баспасы.
- Аяши, Мұхаммед ибн Мәсуд ибн Аяш әс-Самарқанди. (2000). Тәфсир әл-Аяши (3 т.). Мүәссәсат әл-Бә'асә.
- Анарбаев, Н. С., & Әкімханов, А. Б. (2020). Құран Кәрім: Қазақша түсіндірмелі аударма. Таным.
- Бұхари, Мұхаммед ибн Исмаил. (2001). Сахих әл-Бұхари (9 т.). Дәр Тауқ ән-Нәжат.
- Әбу Дәуд, Сүлейман әс-Сижистани. (1997). Сүнән (4 т.). Дәр ибн Хазм.
- Әбу Фудайл Жәмаладдин ибн Манзур ибн Мұхаммед ибн Мүкәррәм. (1990). Лисан әл-Араб (Т. 31, б. 353–354). Бейрут.
- Әбул А'ла әл-Мәудуди. (1967). Мүжиз Тарих Тәждид әд-Дин уә Ихяуһу (б. 13). Дәр әл-Фикр әл-Хадис.
- Әбул Хасан әл-Әшғари. (1990). Мақалат әл-Исламийин уә ихтиләф әл-мусаллин (Т. 1, б. 92). Мәктаба әл-Асрия.
- Әз-Зәбиди, Мұхаммед Муртаза әл-Хусейни. (2011). Тәж әл-Арус мин жәуәһир әл-Қамус (Т. 40, б. 294). Дәр әл-Кутуб әл-Илмия.
- Әз-Зәһәби, Әбу Абдулла Мұхаммед ибн Ахмад. (1963). Мизан әл-Итидал фи нақд әр-Рижал (4 т.). Дәр әл-Марифа.
- Әл-Азим Әбади, Әбу Абдурахман Мұхаммед Әшраф ибн Әмир. (б. ж.). Аун әл-Ма'буд ала Сүнән Әби Дәуд (2 т.). Бәйт әл-Әфкар әд-Дууәлия.
- Әл-Қанужи, Әбу Тайиб Мұхаммед Сыддықхан. (2000). Фи әл-Изаат лима канә уә якуну бәйнә ядәй әс-Саа (б. 150). Дәр ибн Хазм.
- Әл-Уәһби, Халид ибн Мүбарак. (2004). Әшрат әс-Саа (б. 144). Әл-Ғүбәйра баспасы.
- Әл-Хаким, Әбу Абдулла Мұхаммед ибн Абдулла. (1990). Әл-Мүстәдрак ала әс-Сахихайн (4 т.). Дәр әл-Кутуб әл-Аламия.
- Әр-Рағиб әл-Исфәхани, Әбул Қасым Хусейн ибн Мұхаммед. (б. ж.). Әл-Муфрадәт фи ғариб әл-Құран (Т. 6, б. 700). Марказ әд-Дирасат уә әл-Бухус би Мәктабат Нәззар Мұстафа әл-Баз.
- Әс-Сафарини, Мұхаммед ибн Ахмет. (1982). Ләуамиғ әл-Әнуар әл-Бәһия уә сәуәтиғ әл-Әсрар әл-Әсәрия ли шарх әд-Дүрра әл-Мудия фи Ақд әл-Фирқати әл-Мәрдия (2 т.).
- Әс-Суюти, Жәләладдин Абдурахман. (б. ж.). Эт-Тәнбиә би мән яба'с Алла алә ра'си кулли миәти сана (б. 16). Дәр Әс-Сиқа.
- Әт-Табари, Әбу Жағфар Мұхаммед ибн Жәрир. (2001). Жамиғ әл-Бәян ан тә'уил әл-Айи әл-Құран (26 т.). Дәр һижр.
- Әт-Табәрсӣ, Әбу Әли әл-Фадл ибн Хасан. (2006). Мәжмәғ әл-Баян фи тәфсир әл-Құран (Т. 4, б. 344). Әл-Муртаза баспасы.
- Әт-Туси, Әбу Жағфар Мұхаммед ибн Хасан. (б. ж.). Эт-Тибян фи тәфсир әл-Құран (Т. 8, б. 129). Ихя әт-Турас әл-Араби.
- Ибн Әбу Шәйба, Абдулла ибн Мұхаммед әл-Куфи. (1989). Әл-Мусаннаф фи әл-Әхадис уә әл-Әсәр (7 т.). Мәктабат әр-Рушд.
- Ибн әл-Әсир, Әл-Мүбәрак ибн Мұхаммед. (б. ж.). Ән-Ниһая фи ғариб әл-Хадис уә әл-Әсар (б. 1004).

Ибн әл-Қайим әл-Жәузия, Әбу Абдулла Мұхаммед бин Әбу Бәкир. (б. ж.). Әл-Манар әл-Муниф фи әс-Сахих уә әд-Даиф (б. 150–153). Дәр әл-Аләм әл-Фәуaid.

Ибн Мәжә, Мұхаммед ибн Язид әл-Қазуини. (б. ж.). Сүнән (2 т.). Дәр Ихя әл-Кутуб әл-Арабия.

Ибн Ханбал, Ахмад ибн Мұхаммед. (1995). Әл-Мұснад (20 т.). Дәр әл-Хадис.

Муслим ибн әл-Хажжәж. (1955). Сахих Муслим (5 т.). Дәр Ихя әт-Турас әл-Араби.

Хакемез, Ж. (б. ж.). Мәһди душунчесинин итикадилешмеси узерине. Гази Университеті Чорум Илаһият Факультеті Журналы, 3(5), 127–144.

Хасан, С. М. (1953). Әл-Мәһдия фи әл-Ислам мунзу ақдам әл-Усур хәтта әл-Йәум. Дәр әл-Кутуб әл-Ғарби.

Хенд, М. әл-Залитни. (2017). Ислам акаидинде мәһдилик фикри (Магистрлік диссертация). Кастамону университеті, Түркия.

Farrús, M. (2023). Automatic speech recognition in L2 learning: A review based on PRISMA methodology. Languages, 8(4), 242.

References

Agiraksha, A. (2000). Mahdi. Shamil Islam entsiklopediyasy (T. 5, b. 149). Dergah baspasy. [in Arabic]
Ayashi, Muhammad ibn Mas'ud ibn Ayash al-Samarqandi. (2000). Tafsir al-Ayashi (3 t.). Mu'assasat al-Ba'asa. [in Arabic]

Anarbaev, N. S., & Akimkhanov, A. B. (2020). Qur'an Karim: Qazaqsha түсіндірмелі аударма. Tanyim. [in Kazakh]

Bukhari, Muhammad ibn Ismail. (2001). Sahih al-Bukhari (9 t.). Dar Tawq an-Najat.

Abu Dawud, Sulayman al-Sijistani. (1997). Sunan (4 t.). Dar ibn Hazm. [in Arabic]

Abu Fudayl Jamaladdin ibn Manzur ibn Muhammad ibn Mukarram. (1990). Lisan al-'Arab (T. 31, b. 353–354). Beirut. [in Arabic]

Abul 'Ala al-Mawdudi. (1967). Mujiz Tarikh Tajdid al-Din wa Ihyauhu (b. 13). Dar al-Fikr al-Hadith. [in Arabic]

Abul Hasan al-Ash'ari. (1990). Maqalat al-Islamiyin wa Ikhtilaf al-Musallin (T. 1, b. 92). Maktaba al-Asriya. [in Arabic]

Az-Zabidi, Muhammad Murtaza al-Husayni. (2011). Taj al-'Arus min Jawahir al-Qamus (T. 40, b. 294). Dar al-Kutub al-'Ilmiya. [in Arabic]

Az-Zahabi, Abu Abdullah Muhammad ibn Ahmad. (1963). Mizan al-Itidal fi Naqd al-Rijal (4 t.). Dar al-Ma'rifa. [in Arabic]

Al-'Azim Abadi, Abu Abdurahman Muhammad Ashraf ibn Amir. (b. zh.). Aun al-Ma'bud 'ala Sunan Abi Dawud (2 t.). Bayt al-Afkar al-Duwaliya. [in Arabic]

Al-Qanuji, Abu Tayib Muhammad Siddiqkhan. (2000). Fi al-Izaat lima kana wa yakunu bayna yada al-Sa'a (b. 150). Dar ibn Hazm. [in Arabic]

Al-Wahibi, Khalid ibn Mubarak. (2004). Ashrat al-Sa'a (b. 144). Al-Ghubayra baspasy. [in Arabic]

Al-Hakim, Abu Abdullah Muhammad ibn Abdullah. (1990). Al-Mustadrak 'ala al-Sahihain (4 t.). Dar al-Kutub al-Alamiya. [in Arabic]

Ar-Raghib al-Isfahani, Abul Qasim Husayn ibn Muhammad. (b. zh.). Al-Mufradat fi Gharib al-Qur'an (T. 6, b. 700). Markaz al-Dirasat wa al-Buhuth bi Maktabat Nazzar Mustafa al-Baz. [in Arabic]

As-Safarini, Muhammad ibn Ahmad. (1982). Lawami' al-Anwar al-Bahiyya wa Sawati' al-Asrar al-Asariya li Sharh al-Durra al-Mudiya fi Aqd al-Firqa al-Mardiya (2 t.). [in Arabic]

As-Suyuti, Jalaladdin Abdurahman. (b. zh.). At-Tanbiya bi man Yab'as Allah 'ala ra'si kulli mi'ati sana (b. 16). Dar As-Siqat. [in Arabic]

At-Tabari, Abu Ja'far Muhammad ibn Jarir. (2001). Jami' al-Bayan 'an Ta'wil al-Ayi al-Qur'an (26 t.). Dar Hijr. [in Arabic]

At-Tabarsi, Abu Ali al-Fadl ibn Hasan. (2006). Majma' al-Bayan fi Tafsir al-Qur'an (T. 4, b. 344). Al-Murtaza baspasy. [in Arabic]

- At-Tusi, Abu Ja'far Muhammad ibn Hasan. (b. zh.). At-Tibyan fi Tafsir al-Qur'an (T. 8, b. 129). Ihya at-Turas al-Arabi. [in Arabic]
- Ibn Abu Shayba, Abdullah ibn Muhammad al-Kufi. (1989). Al-Musannaf fi al-Ahadith wa al-Asar (7 t.). Maktabat ar-Rushd. [in Arabic]
- Ibn al-Asir, Al-Mubarak ibn Muhammad. (b. zh.). An-Nihaya fi Gharib al-Hadith wa al-Asar (b. 1004). [in Arabic]
- Ibn al-Qayim al-Jawziya, Abu Abdullah Muhammad bin Abu Bakr. (b. zh.). Al-Manar al-Munif fi al-Sahih wa al-Da'if (b. 150–153). Dar al-'Alam al-Fawaid. [in Arabic]
- Ibn Maja, Muhammad ibn Yazid al-Qazwini. (b. zh.). Sunan (2 t.). Dar Ihya al-Kutub al-Arabiya. [in Arabic]
- Ibn Hanbal, Ahmad ibn Muhammad. (1995). Al-Musnad (20 t.). Dar al-Hadith. [in Arabic]
- Muslim ibn al-Hajjaj. (1955). Sahih Muslim (5 t.). Dar Ihya at-Turas al-Arabi.
- Hakemez, Zh. (b. zh.). Mehdi dushunchesinin itikadileshmesi uzerine. Gazi Universitesi Corum Ilahiyat Fakulteti Zhurnaly, 3(5), 127–144. [in Arabic]
- Hasan, S. M. (1953). Al-Mahdiya fi al-Islam minzu Aqdam al-Usur hatta al-Yawm. Dar al-Kutub al-Gharbi. [in Arabic]
- Hend, M. al-Zalitni. (2017). Islam akaidinde mehdilik fikri (Magistrlik dissertatsiya). Kastamonu Universitesi, Turkiya. [in Turkish]
- Farrús, M. (2023). Automatic speech recognition in L2 learning: A review based on PRISMA methodology. Languages, 8(4), 242.

Авторлар туралы мәлімет / Сведения об авторах / Information about authors:

Курбанов Бауржан Омарович – магистрант, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Сәтбаев к-сі, 2, ЕҰУ Оқу корпусы, 010000, Астана, Қазақстан, baurzhan.89.kz@mail.ru, <https://orcid.org/0009-0007-6251-6909>

Kurbanov Baurzhan Omarovich – master's student, L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2 Satbaev st., ENU Educational building, 010000, Astana, Kazakhstan, baurzhan.89.kz@mail.ru, <https://orcid.org/0009-0007-6251-6909>

Курбанов Бауржан Омарович – магистрант, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, ул. Сатпаева, 2, учебно-административный (главный) корпус ЕНУ, 010000, Астана, Казахстан, baurzhan.89.kz@mail.ru, <https://orcid.org/0009-0007-6251-6909>

Бейсенбаев Бактыбай Кыдырбаевич – PhD, Конфессияаралық және дінаралық диалогтың халықаралық орталығы, Діни ахуалды талдау және мониторинг департаменті, жетекші сарапшы, Тәуелсіздік даңғылы, 57, Бейбітшілік және келісім сарайы, 010000, Астана, Қазақстан, bk.beisenbayev@gmail.com, <https://orcid.org/0009-0008-7008-5499>

Beisenbayev Baktybay Kydyrbaevich – PhD, Leading Expert of the Department for Analysis and Monitoring of the Religious Situation, International center for Interfaith and Interreligious dialogue, 57 Tauelsizdik Avenue, Palace of Peace and Reconciliation, 010000, Astana, Kazakhstan, bk.beisenbayev@gmail.com, <https://orcid.org/0009-0008-7008-5499>

Бейсенбаев Бактыбай Кыдырбаевич – PhD, ведущий эксперт Департамента анализа и мониторинга религиозной ситуации Международный центр межконфессионального и межрелигиозного диалога, проспект Тәуелсіздік, 57, Дворец Мира и Согласия, 010000, Астана, Казахстан, bk.beisenbayev@gmail.com, <https://orcid.org/0009-0008-7008-5499>

Кайрбеков Нурлан Евфратович – PhD, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, дінтану кафедрасының доценті, Сәтбаев к-сі, 2, ЕҰУ Оқу корпусы, 010000, Астана, Қазақстан, nurlan.kairbekov@mail.ru

Kairbekov Nurlan Evfratovich – PhD, Associate Professor of Religious Studies L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2 Satbaev st., ENU Educational building, 010000, Astana, Kazakhstan, nurlan.kairbekov@mail.ru

Кайрбеков Нурлан Евфратович – PhD, Доцент кафедры Религиоведение Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, ул. Сатпаева, 2, учебно-административный (главный) корпус ЕНУ, 010000, Астана, Казахстан, nurlan.kairbekov@mail.ru

Мақала туралы ақпарат / Информация о статье / Information about the article

Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 07.09.2025

Рецензенттер мақұлдаған / Одобрено рецензентами / Approved by reviewers: 20.11.2025.

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 10.12.2025